

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
«НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ
МӘСЛИХАТЫНЫҢ АППАРАТЫ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

24 12 2020ж.

№ 4

010000, Нұр-Сұлтан қаласы,
Бейбітшілік көшесі, 11

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының тұрақты комиссияларының бірлескен отырысының қаулысы

Нұр-Сұлтан қаласы

2020 жылғы 24 желтоқсан

Нұр-Сұлтан қаласындағы халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау және оңалту шаралары туралы (аз қамтылған отбасылар, мүгедектер, көп балалы отбасылар, жетім балалар және басқалар)

Қалалық мәслихаттың тұрақты комиссиялары «Нұр-Сұлтан қаласындағы халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау және оңалту шаралары туралы (аз қамтылған отбасылар, мүгедектер, көп балалы отбасылар, жетім балалар және басқалар)» атқарушы органдардың есептерін тыңдап әрі талқылағаннан кейін, елордада осы бағытта тиісті шаралар қабылданып жатқандығын атап өтті.

Биылғы жылы 167 мың адам әлеуметтік қолдау шараларымен қамтылды, 11,7 миллиард теңге қарастырылды.

Ағымдағы жылдың 1 желтоқсанындағы жағдай бойынша Нұр-Сұлтан қаласындағы әлеуметтік төлемдердің жалпы сомасы 9,2 млрд. теңгені құрады. Әлеуметтік көмек бағдарламасы шеңберінде мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына бірқатар ақысыз қызметтер мен ақшалай төлемдер ұсынылады: қалалық жолаушылар көлігі маршруттарында ақысыз жүру, мерекелік күндер үшін бір реттік ақшалай төлемдер, тісті стоматологиялық протездеу, санитариялық тазалық, қатты отын сатып алғаны үшін өтемақы, газдандыру, санаторлық-курорттық емдеу, коммуналдық қызметтерге ақшалай өтемақы, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, ақшалай төлемдер түрінде күндізгі оқу ақысын төлеуге әлеуметтік көмек, атаулы әлеуметтік көмек және т.б.

Мүгедектерді әлеуметтік қорғауға 3,4 миллиард теңге бөлінді, нәтижесінде биыл 16 мыңға жуық адам әлеуметтік және медициналық оңалту шараларымен қамтылды.

Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы жетістіктердің бірі – елордада тәулік бойғы және күндізгі болумен арнайы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілер желісін құру болып табылады.

Медициналық оңалтуды көп салалы маман дәрігерлер тобы жүзеге асырады: реабилитолог дәрігер, массаж, ЕДШ, дәрі-дәрмекпен емдеуді тағайындай отырып диагностикалық және емдеу хаттамаларына сәйкес физиотерапия шараларының кешенін жүргізеді.

Халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтарын сатып алу құқығынсыз жалдамалы тұрғын үймен кезек тәртібімен қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізілуде (пәтерлердің жалпы саны 2020 жылы – 397); кезекте тұрған көпбалалы отбасылар (2020 жылы пәтерлердің жалпы саны – 538); 29 жасқа дейінгі жұмыс істейтін жастар үшін биыл 350 пәтер беру жоспарланып отыр.

Жеңілдетілген несиелеуді жүзеге асыру Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі арқылы жергілікті атқарушы органның кезегінде тұрған аз қамтылған отбасыларға жылдық 2%-пен, 20 жылға дейінгі мерзімге, бастапқы төлемі 10%-тен кем емес шарттарымен («Бақытты отбасы») жүзеге асырылады. Бүгінгі күні 340 тұрғын үй қарыздары берілді.

Бір миллион теңге көлеміндегі бастапқы жарнаның бір бөлігін жабуға әлеуметтік көмек ретінде әкімдік тұрғын үй сертификаттарын ұсынады. Бүгінгі таңда осы санаттағы азаматтарға 259 тұрғын үй куәлігі берілген.

Білім беру жүйесінде де халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтарының балалары мен ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған кешенді шараларды жүзеге асырады.

Ағымдағы жылдың 1 қаңтарынан бастап электронды жүйе арқылы халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтарының балаларына балабақшаларға 2997 жолдама берілді.

Мектепке дейінгі ұйымдар ерекше білім беру қажеттіліктері бар 3664 баланы тәрбиелейді, соның ішінде 657 инклюзивті біліммен қамтылған. 26 ұйымда 46 түзету топтары, яғни әртүрлі есту, сөйлеу, интеллект, психикалық дамуының кешеуілдеуі бар 570 оқушыларға арналған.

2020 жылы алғаш рет 10 балабақшада 100 аутист балаларға арналған арнайы топтар құрылды, 5 жеке балабақшаларға 62 орындық мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылды.

8 жалпы білім беру және 3 арнайы мектептерде ерекше білім беру қажеттіліктері бар 1709 баланы тасымалдау ұйымдастырылды.

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында осы санаттағы азаматтарды қолдау үшін I, II топтағы мүгедектерге, бала кезінен мүгедектерге, мүгедек балаларға білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау үшін 1%-тік квота беріледі, көру және есту қабілеті шектеулі жандарға арналған стипендияның жоғарылауы, жеке жоспарлар мен шарттар әзірлеу, оқыту, жеңілдетілген аралық және қорытынды аттестаттау нысаны (психофизикалық даму ерекшеліктерін ескере отырып құрастырылған жеке тапсырмалар) қарастырылған.

Соңғы 3 жылда жетім балаларға арналған мекемелердің түлектерінің жұмысқа орналасуы 100% құрады.

Сонымен бірге арнайы білім беру ұйымдарының желісін кеңейту мәселесі ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар санының көбеюіне байланысты қарастыруды талап етеді.

Азаматтардың әлеуметтік қызметтер, жеңілдіктер және оларға қол жеткізу жолдары туралы хабардарлығы жеткіліксіз. Осылайша, әлеуметтік көмектің түрлері және оны алу әдісі туралы егжей-тегжейлі жүйеленген ақпаратқа халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтарының нақты санатына еркін қолжетімділік жоқ.

Сонымен қатар, әлеуметтік көмекке жүгіну үшін құжаттарды жинау, кезек күту және әлеуметтік қызметтерді алуға байланысты басқа процестер ұзақ, күрделі, бұл арнайы әлеуметтік қызметтерді алуға кедергі болып табылады, әлеуметтік стигматизацияның дамуына ықпал етеді және халықтың осы санаттарының өмір сүру сапасын және материалдық әл-ауқатын арттыру қағидатының іске асырылуына кері әсер етеді.

Мүгедектерді жұмыспен қамту проблемасы жұмыс берушілердің осы санаттағы азаматтардың өкілдерін жұмысқа алуға құлықсыздығына байланысты өзекті болып қала береді, бұл кәсіпкерлерге осы жұмысшыларды жалдау үшін ынталандыру тиімді емес деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Арнайы әлеуметтік қызметтерді алудың елеулі кедергісі медициналық тексеруден өтудің ұзаққа созылатын процесі және мүгедектік мәртебесін растау, жабдықты алу үшін ұзақ күту уақыты (мысалы, протездік-ортопедиялық жабдық).

Бүгінгі күнге дейін мемлекет бөлген жалдамалы тұрғын үйді жетім балалардың сатып алу құқығынсыз пайдалану мерзімдерін ұзартуға кепілдіктер жоқ.

Білім беру ұйымдарының қажетті инфрақұрылымымен және басқа да нысандармен толық қамтамасыз етілмеген, бұл мүмкіндігі шектеулі адамдарға қажетті қызметтерді алуды мүмкін емес етеді. Интерактивті картаға сәйкес, елордадағы 1084 нысанның 3-іне ғана есту қабілеті бұзылған адамдар кіре алады, қалғандары ішінара қол жетімді, 74 объектіге есту қабілеті нашар адамдар қолжетімсіз болып қалады, басқалары туралы ақпарат берілмеген.

Бұдан басқа, бассейндердің көп бөлігі қалпына келтіру процесінде, қалғандары шалғай аудандарда орналасқан, бұл мүгедек балаларды оңалту процесін қиындатады.

Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған жоғары технологиялық жабдықтармен оңалту орталықтарына барудың құны жоғары, осыған байланысты «Бақытты шаңырақ» қоғамдық қорынан бюджет қаражаты есебінен шығындарды ішінара жаба отырып, осындай орталықты мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналары арқылы құруға ұсыныс болды.

Қабылдау комиссиясының құрамына мүгедектер қатарынан өкілдерді қоса отырып, әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін (жеке ғимараттар мен құрылыстарды, сондай-ақ тұрғын үй және азаматтық-өндірістік кешендерді)

жобалау, салу және қайта құру кезінде мүгедектерге қолжетімді өмір сүру ортасын құруға қойылатын талаптардың орындалуын қамтамасыз ету қажет.

Мүгедектер мен олардың көмекшілерінің өтініштерінен оңалту және спорт орталықтарында қызмет көрсету проблемалары бар екендігі, көлік мәселесі шешілмегені түсінікті болады.

Талқылау нәтижелері бойынша көпшілік тыңдауларға қатысушылардың пікірлері мен ұсыныстарын ескере отырып, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының тұрақты комиссиялары **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Нұр-Сұлтан қаласындағы халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау және оңалту шаралары туралы (аз қамтылған отбасылар, мүгедектер, көп балалы отбасылар, жетім балалар және басқалар)» ақпарат назарға алынсын.

2. Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігіне:

ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар санының көбеюіне байланысты арнайы білім беру ұйымдарының желісін кеңейту мәселесін талдау;

апатты және тозығы жеткен үйлерде тұратын отбасыларға, сүрілген үйлерінің орнына бөлінген пәтерлер саны туралы қалалық мәслихатқа жазбаша жауап беру;

мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігін қолдана отырып, Нұр-Сұлтан қаласында тұрғын үйді реновациялау бағдарламасын құру мәселесін пысықтау;

жетім балаларды сатып алу құқығынсыз мемлекет бөлген тұрғын үйді жалдау мерзімін ұзарту құқығын беру туралы заңнамаға өзгерістер енгізу бойынша жұмысты жалғастыру;

мүгедек балалары бар отбасыларға сатып алу құқығымен жалдамалы тұрғын үй беру бойынша мәселені қарастыру;

мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін гранттар бөлу туралы ұсынысты әзірлеу;

халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтарының әр санаты үшін әлеуметтік қолдау түрлерінің бірыңғай тізбесін құру және оны әкімдіктің ресми интернет-ресурсында орналастыру, басқа да тәсілдермен халыққа ақпарат беру;

мүгедектерді жұмыспен қамтамасыз ететін кәсіпкерлерді қолдаудың ынталандыру шараларын, соның ішінде осы жұмыскерге жұмыс орнын ұйымдастыруды қолдау шараларын арттыру мәселесін пысықтау;

білім беру ұйымдарында және басқа нысандарда мүмкіндігі шектеулі жандарға қажетті инфрақұрылымды және қосымша құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету;

мүгедектердің бассейндерге, спорт залдарына және елорданың оңалту орталықтарына бару мүмкіндігін қарастыру;

инвататакси санын көбейту мәселесін пысықтау;

әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін (жеке ғимараттар мен құрылыстарды, сондай-ақ тұрғын үй және азаматтық-өндірістік кешендерді) жобалау, салу және қайта құру кезінде мүгедектерге қолжетімді өмір сүру ортасын құру жөніндегі талаптардың орындалуын қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдау;

қашықтан оқыту жағдайында мүгедектерді инклюзивті біліммен толық қамту шараларын қабылдау ұсынылсын.

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының
әлеуметтік-мәдени дамыту мәселелері
жөніндегі тұрақты комиссиясының
төрағасы



М. Шайдаров

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының
бюджет, экономика, өнеркәсіп және
кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі
тұрақты комиссиясының төрағасы




М. Шекенов

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының
зандылық, құқық тәртібі және қоғаммен
жұмыс жасау мәселелері жөніндегі
тұрақты комиссиясының төрағасы



Қ. Таукен

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының
құрылыс, экология, көлік, сауда және
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық
мәселелері жөніндегі тұрақты
комиссиясының төрағасы



С. Жунусов